



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

мен оқу үдерісінде оқытудың мынадай топтастыру, әлемді шарлау, ББҰҰ, венн диаграммасы, кубизм, ыстық орындық, өкіл, сезімнен шыққан сөздер, ой ашар, стратегияларын кеңінен пайдаланамын.

«Білімдіден не пайда, білгенін көпке айтпаса, үйреткеннен не пайда, қайырымы қайтпаса»-деп А. Байтұрсынұлы айтқандай бұл аталмыш жеті бағытты оқу тәрбие үдерісінде тиімді қолдана білсек біз таңдаған НҰРЛЫ жолда әр баланың жұлдызын жарқыратып күндерін нұрландырады деп санаймын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы Астана-2015ж
2. К.Ж. Бұзабақова Жаңа педагогикалық технология. — Алматы, 2004.

ӘОЖ: 796.09:378.8

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДАҒЫ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫН ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

Қаби Султан

sult1q@mail.ru

Л.Гумилев атындағы ЕҰУ дене шынықтыру және спорт мамандығының
4 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Ұ.С.Марчибаева

Оқушылар дайындығындағы дене тәрбиесінің маңызы – мемлекетіміз үшін дені сау, жан-жақты, үйлесімі дамыған, еңбекшіл, отанын қорғайтын азаматтарды дайындау. Оқушылардың күнделікті өміріндегі дене тәрбиесінің бағыты: жыл сайынғы сыныптан сыныпқа көшу емтихандарын енгізу, оқыту тәсілдерінің түрлерін дұрыс пайдалану, сыныптағы тәрбиелік маңызы бар жарыстар өткізу, техникалық және көркем шығармашылық спорттық үйірмелерге қатысу шараларымен сипатталады.

Денені шынықтыру саласында да көңіл бөліп, оның алғашқы әсер ету жаттығуларын әр түрлі топтарда, спорттық секцияларда өткізу дене тәрбиесінің негізгі міндеттерінің бірі екендігін түсіндіру.

Дене тәрбиесінің негізгі мақсаттары:

1. Дененің дұрыс қалыптасуына және оның жан-жақты үйлесімді дамуына, ағзаның, жүйке жүйесінің қалыптасуына көмектесу;
2. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай дененің жұмыс істеу қабілетіне негіз болатын қозғалыс салаларының деңгейін біршама дамытып іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру;
3. Оқушылардың күнделікті өмірге керекті табиғи қозғалыстарын жетілдіріп, жан қозғалыстарының түрімен қимыл іскерлігіне үйрету;
4. Оқушыларға дене тәрбиесі мен спорт түрлері бойынша арнайы ілімді және гигиеналық білім мен дағдыны бойына сіңіріп жаңа мәліметтермен қаруландыру;
5. Оқушылардың дене тәрбиесі мен спортқа деген қызығушылығын арттырып, бұл салада ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту.

Аталған міндет-мақсаттармен ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық және еңбекке тәрбиелеу мәселелерімен тығыз байланыста шешілуі керек. Жас мөлшеріне байланысты оқыту, үйрету және тәрбиелеу жұмыстары нақты түрде үш топқа бөлініп қарастырылады.

Біріншісі: 7-10 жас аралықтарындағы (1-4 сынып) оқушыларға арналған оқу бағдарламасы дене тәрбиесінің бір жүйеге бағытталуын іскерлік пен дағдыларға негізделіп мынандай мақсаттар қойылады: оқушылардың денсаулығын жақсартып, адамгершілікке тәрбиелеп, ынта-жігерін дененің қозғалыс қасиеттерін дамытып, тұлғасының сомдалуын, өз

бетінше шұғылдануындағы ынтасын, білімін, қабілеттілігін қалыптастырып дене сабағында көңілді болу жағын қарастыру.

Екіншісі: 5-8 сыныптардағы дене тәрбиесінің құралдары оқушыларға белсенді әсер етіп, дененің табиғи өсу процесіне, дененің ішкі мүшелерінің мүмкіншіліктерін кеңейтіп, дененің шынығуы мен қозғалыс сапаларын ұтымды дамыту жолдарына, оның ішінде ептілігіне, жылдамдық қозғалыстарына аса көп көңіл аударылады. Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындаудың әдіс-айласын, тактикалық қолданысын, жаттығуларды ұтымды орындауда іскерлік көрсетіп алғашқы дағдыларын қалыптастырады. Мұнда дене тәрбиесі сабақтарының көбінесе үйрету-оқыту және қайтлау типтері жиі қолданылады.

Үшіншісі: 9-11 сыныптарда негізінен дененің қалыптасуы тоқтап, ішкі құрылыс мүшелеріне түсетін ауырпашылықты біртіндеп көтеріп, жалпы денені дамытатын жаттығулар әсерін, арнайы төзімділікті, күш пен жылдамдық-күш және басқа да қозғалыс сапаларына әсер ететін жаттығулар түрімен жоғарғы қарқында ауыртпалық түсіруге болады. Дене тәрбиесі жаттығуларымен жүйелі түрде шұғылдану дене мүшесінің әдемі болып өсуіне, үйлесімді дамуының бірден бір кепілі бола алады.

Жоғарғы сыныптарда қолданылатын дене тәрбиесі құралдарын негізгі және спорттық көмекші гимнастика жаттығулары, барлық спорт түрлерінде бөлінбес міндетті түрдегі орындалатын бөлігі ретінде қолданылады. Дене тәрбиесі жұмысындағы негізгі бөліктері болып есептелетін:

1. Мектепте өтетін: дене тәрбиесі сабағы; сабаққа дейінгі гимнастика; сабақтағы үзіліс сәті; үлкен үзілістегі спорттық ойындар; спорттық секциялар; жалпы дененің дайындау топтары; спорттық тартыстар.

2. Мектептен тыс мекемелерде өтетін дене тәрбиесінің жұмыстары: жасөспірімдердің мектептеріндегі спорттық секциялар; стадиондар мен спорт сарайларындағы спорттық жоспар; аудандық, қалалық, облыстық спорт түрлерінен байқаулар мен жарыстар; оқушылар спартакиадасы; ұлттық мейрамдардағы өтетін спорттық шаралар, спорттық жеке түрлерінен өтетін спорттық байқаулар; мектепаралық жолдастық кездесулер және т.б.

3. Жанұяда өтетін дене тәрбиесі; таңертеңгілік гигиеналық гимнастика; оқу арасындағы физкультуралық үзілістер; мұғалімнің үйге берген тапсырмасын орындау; үйге орындалатын спорттық бағыттағы ойындар, серуендер және т.б.

Жеке адамды жан-жақты дамыту міндеттерін іске асыруда дене тәрбиесінің маңызы зор. Біздің елімізде дене тәрбиесінің бірыңғай жүйесі жасалды. «Еңбек етуге және Қазақстан Республикасын қорғауға әзірміз» атты кешенде көрсетілген алты сатының төртеуі оқушыларға арналған. Олар: 7-9 жастардағы қыз және ұл балалар үшін «Стартқа әзірміз», 10-13 жастардағы қыз және ұл балалар үшін «Батыл және епті», 14-15 жастардағы жеткіншектер үшін «Спорт жеткіншектері», 16-18 жастардағы жасөспірімдер үшін «Қайрат пен қажырлылық».

Әр сатының өзіне тән әр түрлі міндеттері бар.

Стартқа әзірміз сатысының негізгі міндеті – балалардың дене тәрбиесі сабақтарына деген санасын қалыптастыру, жауапкершілігін арттыру.

Батыл және епті сатысының міндеті – оқушылардың негізгі дене сапасын, өмірге деген қажетті іскерлігін және дағдысын дамыту, спортқа қызығушылығын анықтау.

Спорт жеткіншектері сатысының міндеті – жеткіншектердің дене дайындығының одан әрі жақсаруы, қимыл дағдыларын игеруі.

Қайрат пен қажырлылық сатысындағы басты міндет – Қазақстан Республикасының Қарулы күштеріне дайын болуы үшін жасөспірімдердің дене дайындығын жетілдіру[1].

Оқушыларға арналған дене тәрбиесінің кешенді бағдарламасында көрсетілген басты міндеттерге сүйеніп, дене тәрбиесінің кейбір мәселелерін қарыстырайық:

Оқушылар денесінің дұрыс дамуы, денсаулығының нығаюы, жұмыс қабілетінің артуы сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына қарсы тұрады. Жақсы денсаулық адамның еңбек пен қоғамның іс-әрекетіне жемісті түрде қатысуының маңызды кепілі.

Оқушылардың денсаулығына қамқорлық жасауға біздің қоғамымыз мейлінше мүдделі. Барлық оқушылардың сабақтарда, сабақтан тыс уақытта, спорт секцияларында дене тәрбиесімен күн сайын айналысуын ұйымдастыру, бұл үшін қажетті жағдайлар жасау қажет. Әрбір мектептерде, оқу-тәрбие мекемелерінде жабдықтармен және құралдармен жақсы жарақталған спорт залдары мен алаңдары болуы тиіс. Оқушыларға дене тәрбиесін беру үшін спорт оуыымдары мен кәсіпорындар және мекемелердің базасы кеңінен пайдаланылуда[2].

Жас адамның денесі түрлі жаттығулардың көмегімен ширап, дамиды. Дене тәрбиесі саласында кесте, жеке гигиена, дене мәдениеті, туризм, спорт ерекше орын алады.

Сабақтар мен сыныптан тыс дене тәрбиесі жұмыстарында күн тәртібі, денені шынықтыру, жаттықтыру, тамақтану гигиенасы, ұйқы және т.б. жөнінде оқушылар нақты білім алуы тиіс.

Мектепте дене тәрбиесін мұғалім, сынып жетекшісі, тәрбиеші басқарады. Олардың істейтін жұмыстарының мазмұнына кіретін негізгі мәселелер:

1. Шәкірттерге оқу, еңбек және демалыс кестесін ұтымды пайдалануды үйрету, оқушылардың денсаулығын үнемі бақылау, жұмыс қабілетін жақсарту, оларға жағдай туғызып, қамқорлық жасау.

2. Мектеп үйіне, жұмыс жабдықтарына, спорт өтекiзiлетін орындарға қойылатын талаптарды орындау, оқушыларды жеке және қоғамдық гигиенаға дағдыландыру.

3. Оқу күні және оқу жылы бойында қозғалыс жасау сапаларын дамыту дене тәрбиесі және сауықтыру жұмыстарын тиімді өткізуді қажет етеді.

Ағзаны шынықтыру – денсаулықты нығайту құралдарының ішіндегі ең тәуірі. Дене тәрбиесінің міндеті – оқушының өшсіп келе жатқан ағзасын қоршаған ортаның температурасының құбылуына дағдыландыру. Оқушылардың денесін шынықтырудың табиғи факторлары – ауа, күн, су.

Жалпы дене шынықтырғанда, әсіресе, оқушылар үшін мына ережелер басшылыққа алынады:

1. Дене тәрбиесінің құралдарын бірте-бірте қолдануды (спорт зал ауасының таза болуы, киімі жеңіл болуы) сақтау.

2. Дене тәрбиесінің әртүрлі құралдарын (спорт зал ауасының таза болуы, серуеннің ұзақ болуы, киімі жеңіл болуы, арнайы процедуралардың және т.б. істелуі) үнемі пайдаланып отыру.

3. Оқушылар денсаулығын және әр оқушының жеке сезімталдығын ескеру.

Басталған шаралардың жеткілікті негізі болмайынша тоқтатып тастауға болмайды. Әйтпесе, қалыптасқан шартты рефлексстер жойылып кетеді. Дене тәрбиесінің қажетті шарты – дене тәрбиесінің мұғалімінің мұқият қадағалауы, дәрігердің басшылық етуі және бақылауы.

Үнемі серуенге шығып отыру, дене тәрбиесі жаттығуларымен айналысу және күндіз таза ауада ұйықтау – міне, осылардың бәрі оқушылардағы дене тәрбиесінің міндетті шарты.

Оқушылардың режимінде көрсетілгендей, жылдың суық кезінде оқушылар күніне 1 сағат таза ауада болуы керек. Қыста аязды күндері (20-25°C) серуен мерзімін қысқартуға тура келеді, бірақ оқушыларды таза ауаға мүлдем шығармай қоюға болмайды. Мұндай аязды күндері оқушыларды сыртқа екі-үш рет қысқа мерзімге (15-30 мин) шығаруға болады. Мұндайда оқушылардың жылы киінуін қадағалау керек. Оқушының пальтосы жылы, бірақ жеңіл және бойына шақ келетіндей, жүрісін қиындатпауы үшін аяқ киімінің қонышы қысқа болғаны жөн.

Жазда оқушылар таза ауада көп болады. Жылы, шуақты күндері оқушылардың киімі бірте-бірте жеңілдетіледі, сөйтіп, олар шортик, жеңіл аяқ киім киеді, егер жұмсақ болса, жалаң аяқ жүреді. Мектепте медициналық жағынан қамту емханаларының дәрігерлеріне, сондай-ақ, медбикелерге жүктелген. Алайда дене тәрбиесі мұғалімі мен мектеп директоры оқушылардың өмірі мен денсаулығына жауап береді, сондықтан олар медициналық қызметкерлермен тығыз байланыста жұмыс істеуге тиіс. Дене тәрбиесі мұғалімі өз қарауындағы мектепте қандай көмек қажет екенін білу қажет. Ол педагогтармен және

жоспарлы бақылаулар мәліметтеріне талдау жасайды, қажет болған жағдайда қайсібір оқушыларға кесте жасау, дене тәрбиесі шараларын ойластыру, ата-аналарға кеңес беру және тағы сол сияқтыларды іске асыру жолында көмектеседі.

Дене тәрбиесі мұғалімі мектепте және оқушылар ойнайтын спорт алаңдарда олардың өмірі мен денсаулығын сақтауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаудың орындалуын, сондай-ақ, персонал мамандығының арта түсуін және санитарлық-ағарту жұмысының жақсаруын мұқият қадағалауы тиіс. Оқушылардың денсаулығын және денесі дамуы үшін күн тәртібінің маңызы зор. Күн тәртібі – бұл оқушылардың сергек болуы, гигиеналық және сауықтыру процедуралары және өз бетімен істейтін қимыл-әрекеттері кезеңдерін реттеу жүйесі. Оқушылардың сергек және сонымен бірге көңіл-күйінің тыныш болуы көбіне күн тәртібін катал сақтауға байланысты болады.

Мектепте озат тәжірибесі және педагогикалық ғылым жетістіктері негізінде, түрлі жастағы, сыныптарының әрқайсысы үшін үлгі боларлық күн тәртібі жасалады. Жергілікті жағдайға, ата-аналардың жұмыс ыңғайына қарай мектеп басшылары күн тәртібіне кейбір өзгерістер енгізе алады. Алайда, ойынға, сабаққа бөлінген уақыт, сондай-ақ түрлі іс-әрекетті кезектестіріп отыруы өзгермейді. Ақыл-ой мен едәуір күш жігер жұмсауды қажет ететін, қимыл-қозғалысы шамалы болатын ойындармен сабақтың соңында оқушыларға көп күш жігер талап етпейтін күшті шабыт туғызатын әрекеттерден кейін тыныш ойындар өткізілсе оқушылар тынығып қалады.

Сабақ саны және ұзақтығы оқушылардың жасына, қай сыныпта оқитындығы, мүмкіндіктеріне сай белгіленеді. Сабақ бірнеше оқушымен немесе бүкіл топпен өткізіледі. Сабақты ұйымдастыру және өткізу дене тәрбиесі мұғалімі тарапынан басшылық жасау мен қадағалауды талап етеді. Сабақты өткізу барысында ең алдымен жоспар конспектісі берілетін ақыл-оймен дене шынықтыру тапсырмаларын тиімді етіп кезектестіріп отыру реті көрсетіледі. Сабақ бастамас бұрын дене тәрбиесі мұғалімі, сыныптар оқуының сапалы болуы үшін небір қажеттінің бәрін керек мөлшерінде әзірлеп қояды [3].

Дене тәрбиесі жалпы тәрбие ісі тәрізді, өзінің міндеті мен мақсаты, мазмұны, ұйымдастырылуы және тәсілі жөнінен қоғамдағы қатынастардың дамуына байланысты өзгеріп отыратын қоғамдық құбылыс.

Қандай қоғам болсын адамның жеке басының жан-жақты жетілуінде, денсаулығын шынықтыруда, салауатты өмір сүру және шығармашылық мүмкіндіктерін арттыруда дене тәрбиесімен спорттың маңызы ерекше. Еліміздің дербес мемлекет дәрежесіне ие болуы, тұңғыш ата заңымыздың – конституцияның қабылдануы, білім беру туралы заңымыздың заман ағымына қарай өзгертіліп, қайта қабылдануы. Ел басымыздың 33 жылға арналған Қазақстан халқына арналған жолдауы ұрпақ тәрбиесіне деген көзқарастарды түбегейлі өзгертіп, білім мен тәрбие беру жүйесі жаңаша құрылу қажеттілігі көрсетіліп отыр. Жолдауда көрсетілгендей қазір балалар мен жасөспірімдердің бойында салауатты өмір салтын қалыптастыру, денсаулықты сақтау және оны нығайту мәселелері мектептегі оқу-тәрбие жұмысының басты міндетіне айналды. Осы міндеттерді нақты іс жүзінде шешуде дене тәрбиесінің алатын орны ерекше. Мектептегі дене тәрбиесі сабақ үстінде де, сыныптан және мектептен тыс дене тәрбиесінен жүргізілетін жұмыстар арқылы да беріледі.

Әрине, аптасына 3 сағат қана өтетін дене тәрбиесі сабағы адам ағзасының күнделікті қажеттілігін қамтамасыз ете алмайды. Мынаны да ескерген жөн, мектеп жасына дейінгі балалар үнемі қозғалыста болады, яғни ойнайды, жүгіреді, әйтеуір үнемі қимылдаумен болады. Ал мектеп табалдырығын аттағаннан кейін мектеп оқушысының жүріс-тұрысы, қозғалысы, таза ауада болатын уақыты әлдеқайда азаяды. Нәтижесінде балалардың қозғалыс белсенділігі 50 пайызға дейін төмендейді, бұл дененің дұрыс өсуіне кері әсерін тигізеді [4].

Күнделікті дене қозғалысын жасап отыру арқылы ғана сіздер дендеріңіз сау болып өседі екенсіздер. Осыған орай не істеу керек деген сұрақ туындайды.

Мектептегі дене тәрбиесі сабағының сауықтыру жұмыстарының ең біріншісі күнделікті өткізетін таңертеңгілік гимнастика мен сабақ басталар алдындағы бой жазу

жаттығулары. Осы жаттығуларды орындау нәтижесінде сіздер ағзаларыңызды жұмысқа алдын ала дайындайсыздар, жұмыс қабілеттеріңіз артады, сыныпта дұрыс отыруға қалыптастырасыздар. Әдетте, сабақ үстінде шаршаған болсаңыздар көңіл күйді көтеру үшін денені сергіту жаттығуларын жасаған пайдалы. Бұған үзілістегі ойындар мен жаттығуларын, саяхат жорықтарын қосқан дұрыс. Осындай көпшілік шаралар дене тәрбиесінің сауықтыру міндеттерін орындауға өз үлкен үлесін қоспақ.

Оқушылардың жастарында әліде мінез-құлықтары мен сана-сезімдерінде тұрақтылық үнемі бола бермейтіндігін есте ұстаған жөн. Кейбіреулері спортпен шұғылданудың қажеттілігін саналы түрде түсіне бермейді, бұл саладағы іс-әрекеттерді жүйелі түрде бақылап отырмайды. Сондықтан да спорттың қандай да бір түріне қабілеттері болса, онда мұғаліммен ақылдасып, мектептегі спорт секцияларына және балалармен жасөспірімдердің спорт мектептеріндегі жаттығу сабақтарына қатысқаны дұрыс. Дене тәрбиесі жүйесінде денсаулықты нығайту және спорт пен шұғылданып, болашақта жоғары нәтижеге жету үшін табиғи ортада да қажет. Оларға өзімізге белгілі таза ауа, су, күн, сәулесі жатады. Мұндай табиғи ортаны жүйелі пайдаланудың денсаулық үшін маңызы зор.

Мектептегі сабақтардың бағдарламалық материалдарын жақсы меңгеру үшін сабақтан тыс кезде де дене тәрбиесінен қол үзбей шұғылдану керек. Міндетті түрде жасалатын күнбе-күнгі дене тәрбиесі жаттығуларын жасағандары жөн.

Өйткені қимыл-қозғалыс жаттығуларымен жүйелі түрде айналысу және спорттың жекелеген түрлерімен шұғылдану оқушылардың қозғалыс қабілеттерін жетілдіріп, денсаулықтарын нығайтып, ақыл-ойларының өсуіне көмектеседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Лесгафт П.Ф. Қазақстан мектебі. -Алматы, 2000. 5-6 бет.
- 2 Павлов И.П. Сенің денсаулығың. Алматы, Қазақстан мектебі. 2002, 36-40 бет.
- 3 Переверзин И.И. Дене шынықтыру жүйесін жетілдіру. -Алматы, Қазақстан мектебі, 2002, 18-22 бет.
- 4 Рувинский Л.И. Мамандыққа кіріспе. -Алматы, 1991.

УДК 348.1

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ

Кокишева Асемгуль Жанбековна

mc.love001@mail.ru

Старший преподаватель Северо-Казахстанского государственного университета им.

М.Козыбаева

Научный руководитель – Дюсенбаева Б.А.

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамыту 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламада жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті оқыту, білім беруді дамытудың негізгі міндеттері қатарына қойылған. Соңғы жылдары мүмкіндігі шектеулі балаларға деген көзқарас өзгеріп, оларды дамытуға ерекше мән беріліп отыр. Жалпы білім беретін мектептерде қалыпты дамыған оқушылармен қатар мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту бүгінгі таңда өзекті мәселеге айналды.

Әлемнің дамыған елдерінде мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен қосып оқытуға көп көңіл бөлінеді және бұл салада елеулі тәжірибелер жинақталған. Біздің отандық жалпы білім беретін мектептің іс – тәжірибесі үшін инклюзивті оқыту педагогикалық жаңашылдық деп бағалануы мүмкін. Себебі мәселенің жаңалығы қазақстандық жалпы білім беретін мектептердің іс – тәжірибесінде инклюзивті оқыту жан – жақты зерттеуді талап етеді.